# “Менің өнімімді не арттыратынын білесіз бе?”



*Жоғары түсімді азықтық жүгері*

www.kukuruza-urojainost.com

FNPSMS
maiz'EUROP'

ЕУРОПА ОДА
ЫМЕН АРЖЫЛАНДЫР
АН КАМПАНИЯ

THE EUROPEAN UNION SUPPORTS
CAMPAIGNS THAT PROMOTE RESPECT
FOR THE ENVIRONMENT.

ENJOY
IT'S FROM
EUROPE

# *Жоғары түсімді азықтық жүгері*

*Грэн-Рандеман - Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынатын генетикалық өнімділік пен технологиялық сапа үйлескен жүгері астығы. Бұл ұрықтық және сорттық тазалығы ең қатал талаптарға сай келетін, саудаға ыңғайлы, жоғары әрі сау өнім кепілі. Нәтижесінде:*






## ЖОҒАРЫ ӨНІМДІЛІК

Біздің жүгері өнімдері ең жақсы зерттеу жұмыстарының жемісі. Сол себепті, біздің гибрид өнімдеріміз генетикалық прогрестің арқасында 50 жыл бойы әр жыл сайын гектарына 1,2 центнер түсім береді. Мұндай жоғары өнімділік біздің *зерттеу мен дамыту және іріктеу әдістерін жұмылдыру* саласына қаржы салу мүмкіндігіміздің нәтижесі.




## ТЕЗ ПІСУДІҢ КЕҢ ГАММАСЫ

Европалық тұқым шаруашылықтарының коммерциялық ұсынысы БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашлығы ұйымының жылдам жетілу деректеріне (100-900) және өтім нарығы мен педоклиматтық жағдайларға (дән, жем, биогаз, дымқыл жүгері дәні, биологиялық дән, тәтті жүгері) толығымен жауап береді. Сонымен бірге ол өнімділігі жоғары қоспалармен байытылып отырады. Бұндай мүмкіндіктер ауыл шаруашылығы үшін таптырмайтын пайда болып табылады.




## ШЫДАМДЫ ЖӘНЕ АУРУҒА ТӨЗІМДІ

Суыққа төзімді, паясы тұрақты, бойы тез көтеріледі, тез кебеді... бүгінгі таңда дәні жерге түскеннен пісіп жетілгенге дейін біздің өнім өзінің төзімділігімен әйгілі. Европа өндірушілері оны біледі, себебі астықтың шіру қаупі олардың егіс алқаптарынан 80 жылдардан бастап жоғалған.




## ЫЛҒАЛҒА ТӨЗІМДІ

Қандай да болмасын климаттық ауытқулар болса да, шаруа қожалықтарына ылғалға төзімді өнім қажет. Сол себепті европалық тұқым шаруашылықтары дәп осы қасиетті ең бастысы деп санайды.




## АУРУЛАР МЕН ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ТӨЗІМДІ

Жоғары өнімділік пен сау егістік бір-бірімен қатарлас жүреді. Сол себепті ауруға сезімталдығы төмен және егін зиянкестеріне төзімді түрлерді таңдаған дұрыс. Ауыл шаруашылығы әдістерін пайдалана отырып генетиканы жақсарту арқылы ауруға және егіс зиянкестеріне қарсы төзімділігі арттырылған бұл өнім жоғары түсім алу үшін химиялық заттарды қолдануды азайтады. (жоғары түсім мен үнемділік).

# ЖОҒАРЫ ӨНІМ АЛУДЫҢ 10 ЕРЕЖЕСІ

### 1. СОРТ ТАҢДАУ

Міндет: шаруа қожалығы жоғары өнім алу үшін алдымен өзінің жергілікті климаты мен жер ерекшелігіне байланысты тұқым сорттарын таңдайды.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- өнім түсімділігі
- тез пісушілік
- ылғалға төзімділік
- ауруға төзімділік

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **ОСЫ ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛГЕН ҚАСИЕТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫНА ИЕ.**

### 2. ДӘН СЕБУ

Міндет: таңдалған сорт тұқымынан жоғары өнім алу үшін ең ыңғайлы климаттық және агрономиялық жағдай жасау.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- Тұқымды себу күні
- Салынған егістік тығыздығы
- Жер жағдайы
- Себілетін тұқым сапасы

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **ТОЛЫҚ ӨҢГІШТІКТІҢ КЕПІЛДІГІ.**

### 3. ТЫҢАЙТҚЫШ N

Міндет: жоғары өнім алу үшін тыңайтқыштар мөлшерін дұрыс таңдау.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- Алынатын өнім мөлшері
- Топырақ жағдайы
- Тыңайту күні мен әдістері
- Мөлшерін анықтау

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықт ық жүгері* : **ТӨЗІМДІ ЕГІСТІК ЖӘНЕ САПАЛЫ ӨНІМ КЕПІЛДІГІ.**

### 4. P,K, MGO, CA ЖӘНЕ МИКРО ЭЛЕМЕНТТЕРІМЕН ТЫҢАЙТУ

Міндет: топырақ құнарлылығын арттыру үшін алғы дақыл орнын тыңайту.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- Алғы дақыл
- К мен Р – ға экспорттау
- Топырақтың pH деңгейі
- Магнезия мен микроэлементтердің жетіспеушілігі *(Mn u Zn)*

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **ТӨЗІМДІ ЕГІСТІК ЖӘНЕ САПАЛЫ ӨНІМ КЕПІЛДІГІ.**

### 5. ЗИЯНКЕСТЕР

Міндет: әр өсімдіктің бүтіндігін сақтай отырып егістікті зиянкестерден, әсіресе цикл басында, аман алып қалу.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- мүмкін болатын зиянкестердің алдын алу, құтылу әдістері
- әр зиянкестің даму жағдайы
- қадағаланатын белгілері
- қол жетімді қадағалау әдістері *(химиялық, агрономиялық)*

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ТӨЗІМДІ.**

### 6. АРАМШӨПТЕРДЕН ТАЗАРТУ

Міндет: түсімді арттыру үшін арам шөптерден тазарту:

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- арамшөптердің көбейуінің алдын алу
- егіс алқабына арам шөптердің көбею қауіпі
- арамшөптердің түрлерін қадағалау
- арамшөптердің шығуына дейін және шыққаннан кейін жасалатын іс шаралар

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **АРАМШӨПТЕРГЕ ТӨЗІМДІ.**

### 7. АУРУЛАР

Міндет: түсімді жоғары алу үшін аурулардың алдын алу тәсілдері.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- жылдық ауру қысымы
- егіс алқабы санитариясының сапасы
- қадағаланатын тамыр некроздары
- аурудың барлығы немесе жоқтығы

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **АУРУЛАРҒА ТӨЗІМДІ.**

### 8. СУАРУ

Міндет: циклдің әр кезе ңіне сәйкес сумен қамтамасыз ету .

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- өсімдіктің жас кезеңіне қарай суға мұқтаждығы
- топырақтың ылғалдық қоры
- өнім алудың басты кезеңдерінде қуаңшылық болу қаупі
- қолжетімді құрал-жабдықтар

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықт ық жүгері* : **ҚУАҢШЫЛЫҚҚА ТӨЗІМДІ.**

### 9. МОЛ ӨНІМ

Міндет: мол және сапалы өнім алудың шешімін табу.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- өсімдіктің жетілу физиологиясы
- дән ылғалдығының пайызы
- сорттың бастырылу қабілеттілігі
- астықты жинауды ұйымдастыру

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ.**

### 10. САҚТАУ

Міндет: өнімді сапалы санитарлық жағдайда сақтау тәсілін табу.

ЕСЕПКЕ АЛУ КЕРЕК:
- астықтың санитарлық сапасы
- астықты қолдану мақсаты
- қойманың өнімділігі
- қолжетімді кептіру мүмкіндіктері

Европалық тұқым шаруашылықтары ұсынып отырған *Жоғары түсімді азықтық жүгері* : **САҚТАУҒА ЫҢҒАЙЛЫ.**

*Осы постерде берілген мәліметтер тек автордың ғана көз қарасын білдіреді және тек автордың ғана жауапкершіл ігіне ие. Европалық комиссия осында қолданылған кез келген мәліметтердің мазмұны үшін жауапкершілікке ие емес.*